

Орталық депозитарийдің заңды тұлғаларды құру мен олардың қызметіне қатысуы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 271 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылда 8 карашада тіркелді. Тіркеу N 3197. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 128 Қаулысымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 128 Қаулысымен.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 82-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Құрылуы мен қызметіне орталық депозитарий қатысуға құқылы екендігі б е л г і л е н с і н :

- 1) рейтингтік агенттіктердің;
- 2) ақпараттық-талдау қызметін көрсететін ұйымдардың;
- 3) орталық депозитарийдің қызметіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдардың;
- 4) клиринг және есеп айырысу ұйымдарының;
- 5) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың;
- 6) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 105 қаулысымен .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қ о л д а н ы с қ а е н е д і .

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті:

- 1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу
ш а р а л а р ы н қ о л ф а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелері мен орталық депозитарийге жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмұтоваға жүктелсін.

Төраға